

"Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1078 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының 2003 ж. 5 сәуірдегі Кеден кодексіне(Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат; N 18, 106-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 8-баптың тақырыбы мен 1 және 2-тармақтарындағы "және Қазақстан Республикасынан әкету" деген сөздер ", Қазақстан Республикасынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 14-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шартты түрде жіберілген тауарлардың шетелдік тауарлар мәртебесі болады.";

3) 24-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын;

4) 42-баптың 4-тармағындағы "қабылданған" деген сөз "тіркелген" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) 53-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

6) 54-баптың 2-тармағындағы "өту" деген сөз "өтуге" деген сөзбен ауыстырылсын, " тауарлар" деген сөздің алдынан "осы Кодекстің 55-бабына сәйкес айқындалатын өткізу пункттерінде, олардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс істеу уақытында рұқсат етіледі және бұл" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 64-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Кодекстің 63-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін р а с т а й т ы н құ ж а т т а р қ а ж е т . " ;

8) 78-баптың 4-тармағындағы "көлік құралы кеден органына келген" деген сөздер "

кедендік ілесіп алып жүру үшін алым төленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 79-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мүдделі тұлғаның дәлелді сұрау салуы бойынша кеден органы ішкі кедендік транзиттің белгіленген мерзімін осы баптың бірінші бөлігімен белгіленген мерзімнің шегінде ұзартарды." ;

10) 82-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауарларды бір көлік құралынан екіншісіне қайта тиеуге қызмет аймағында осы операция жүргізілетін кеден органына алдын ала хабарлау арқылы жол беріледі. Тауарларды қайта тиеу кедендік пломбалар және мөрлер бұзыла отырып жүзеге асырылған жағдайда тауарлардың жеткізілуін бақылаудың жаңа құжаты ресімделеді." ;

11) 86 - бапта :

1-тармақтағы "көлік құрылының келгендігі туралы тасымалдаушыға жазбаша растама берілген" деген сөздер "көлік құралы тіркелген" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 - тармақтағы :

бірінші бөліктегі "және тасымалдаушыға нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін көлік құралының келгендігі туралы жазбаша растама береді. Кеден ісі саласында құқық бұзушылық анықталған жағдайда көлік құралының келгендігі туралы растаманы беру мерзімі талқылау аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады." деген сөздер алынып тасталсын ;

екінші бөлік алынып тасталсын ;

3-тармақта "тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген жеткізу орнында" деген сөздер "кедендік бақылау аймағында" деген сөздермен ауыстырылсын ;

12) 91-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кеден ісі саласындағы қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар істері бойынша заттай айғақтар болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау соттың шешімі немесе істі тоқтату туралы қаулы заңды күшіне енгенге дейін жүзеге асырылады." ;

13) 122-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) кеден органдары бірдейлендірген болуы тиіс." ;

14) 123-баптың 1-тармағындағы :

бірінші абзацтағы "кеден органы қайтарады" деген сөздер "қайтарылады" деген сөзбен ауыстырылсын ;

3) тармақша алынып тасталсын ;

15) 134-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Кеден органын жазбаша нысанда алдын ала хабардар ету шартымен кеден қоймасындағы тауарларды иеліктен шығаруға, оларға қатысты иелік ету, пайдалану немесе билік ету құқықтарын беруге жол беріледі. Бұл ретте, тауарларға мүлік құқықтарын алған тұлға осы Тарауда бұл тауарларға қатысты белгіленген талаптар мен

шарттарды одан әрі сақтау жөнінде жазбаша нысандағы міндеттемені кеден органына ұсынады. Тауарларға мүлік құқықтарын алған тұлға кеден органы көрсетілген міндеттемені алған күннен кейінгі күннен бастап осы Кодексте тауарларды кеден қоймасына орналастырған тұлғаға қатысты белгіленген құқықтарды пайдаланады және міндеттілікте болады." ;

16) 137-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы алынып тасталсын;

17) 146-баптың 1-тармағындағы:

"Бажсыз сауда дүкені" деген сөздерден кейін "қазақстандық тұлға" деген сөздермен толықтырылсын ;

"оның иесі" деген сөздер алынып тасталсын;

18) 192-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарларды әкелу" деген сөздер "тауарлар уақытша әкелу кедендік режиміне орналастырылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 193-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жаңа кедендік декларация уақытша әкелінген тауарды пайдалану және (немесе) билік ету, не иеліктен шығару құқықтары берілген күннен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей беріледі." ;

20) 210 - бапта :

1 - тармақта :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

" 1) мынадай :

егер сыртқы сауда мәмілесінің шарттары кері экспортты көздеген; тауарлар жеткізушіге не ол көрсеткен өзге тұлғаға сыртқы экономикалық мәміленің шарттарына сәйкес келмеу себептері бойынша әкетілген жағдайларда, уақытша сақтау орындарындағы тауарлар белгілі бір кедендік режимге орналастырғанға дейін әкетілген ; " ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

" 4) егер :

сыртқы сауда мәмілесінің шарттары кері экспортты көздеген; тауарлар жеткізушіге не ол көрсеткен өзге тұлғаға сыртқы экономикалық мәміленің шарттарына сәйкес келмеу тұрғысында қайтарылған жағдайларда, бұрын кеден қоймасының, еркін қойманың, еркін кеден аймағының кедендік режимдеріне орналастырылған шетелдік тауарлар әкетілген жағдайда жүзеге асырылады." ;

2 - тармақ алынып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың 1-тармағы талаптарының сақталу шартымен, егер әкелінген тауарлардың бөлігі ғана кері әкетілген жағдайда да тауарларды тауарлардың кері экспортының кедендік режиміне орналастыруға жол беріледі." ;

21) 212-баптың 2) тармақшасында "тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды

және экспорттық бақылау саласындағы шараларды қоспағанда," деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

22) 213-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында "Қазақстан Республикасына әкелінуге және Қазақстан Республикасынан әкетілуге" деген сөздер "Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 223-баптың 3-тармағындағы "Жою нәтижесінде пайда болған қалдықтарды кедендік ресімдеу тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді." деген сөздер алынып тасталсын;

24) 225-бапта "баждарды" деген сөз "төлемдерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

25) 228-бап алынып тасталсын;

26) 252-бап "экспорттық бақылау саласындағы талаптарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

27) 264-баптың 3-тармағындағы:

"жұмысының аяқталуына орай," деген сөздерден кейін "келген елінен" деген сөздермен толықтырылсын;

28) 275-бап 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тауардың декларацияланатын легінің кедендік құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тоқсан айлық есептік көрсеткіштен асуы ;

аталған тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шараларының белгіленуі шартымен халықаралық почта жөнелтімдерін заңды тұлғалар жіберсе;"

29) 279-баптағы, 280-баптың 1-тармағындағы, 281-баптағы, 285-баптың 1-тармағындағы "олардың кедендік ресімделуі үшін белгіленген орындардан тыс және кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс" деген сөздер алынып тасталсын;

30) 283-баптың 1-тармағы "олардың отбасы мүшелеріне" деген сөздерден кейін "шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын ;

31) 317-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы "әкелінетін" деген сөзден кейін "/әкетілетін" деген сөзбен толықтырылсын;

32) 327-бапта "артық төленген" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасы кеден органдарының кедендік төлемдердің қайта қаралған сомаларын төлеу не кедендік төлемдердің төленбеген сомаларын алу туралы талаптарына, сондай-ақ" деген сөздермен, "төлеушілердің" деген сөздерден кейін "талаптарына" деген сөздермен толықтырылсын ;

33) 333-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"333-бап. Өнеркәсіптік қайта өңдеу

осы тараудың мақсаттары үшін шикізаттарды және (немесе) материалдарды өнеркәсіптік қайта өңдеу деп, егер бұл ретте төменде санамаланған шарттардың бірі орындалса, оларды тауарлар өндіру процесінде одан әрі пайдалану түсініледі:

1) өнеркәсіптік қайта өңдеуден кейін алынған өнімнің (тауардың) пайдаланылған шикізаттар мен материалдардан ерекшеленетін сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасының бірінші төрт белгінің кез келген деңгейіндегі коды болады;

2) тауар шығарылған ел Қазақстан Республикасы болып саналуы үшін жеткілікті өндірістік және технологиялық операцияларды орындау. Тауар шығарылған ел Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалады;

3) шикізаттар мен материалдар құнының пайыздық үлесі түпкілікті өнім бағасындағы тіркелген үлеске жетеді (адвалорлық үлес).

Осы баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшаларында көрсетілген нақты тауарларға қатысты шарттарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Өнеркәсіптік қайта өңдеуге:

1) тауарларды сақтау немесе тасымалдау кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар;

2) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі операциялар (тауарлар лектерін бөлшектеу, жөнелтілімдерді қалыптастыру, сұрыптау, қайта б у ы п - т ү ю) ;

3) онымен бекіту материалының (винттердің, гайкалардың, болттардың және өзге де бекіту материалдарының) көмегімен не тойтарумен, пісірумен, дәнекерлеумен немесе желімдеу жолымен тауардың компоненттерін құрастыру түсінілетін қарапайым құ р а с т ы р у о п е р а ц и я л а р ы ;

4) егер түпкілікті өнімнің (тауардың) сипаттамалары араластырылған шикізаттар мен материалдардың сипаттамаларынан елеулі түрде ерекшеленбесе, әр түрлі елдерден шығарылатын тауарларды (компоненттерді) араластыру;

5) м а л с о ю ж а т п а й д ы . " ;

3 4) 3 3 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы :

2) тармақшадағы "транзит рәсімі бойынша" деген сөздерден кейін "тауарлар мен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) осы Кодекстің 392, 393-баптарына сәйкес тауарларды шығару кезінде;";

35) 44-тараудың тақырыбында "және" деген сөз "мен" деген сөзбен ауыстырылсын, "қайтару" деген сөзден кейін "және есепке алу" деген сөздермен толықтырылсын;

36) 346-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"346-бап. Артық төленген кедендік төлемдер мен салықтарды қайтару және есепке а л у

1. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтардың бюджетке нақты төленген сомасы мен төленуге тиіс сомасы арасындағы айырма кедендік төлемдер мен салықтардың артық төленген сомасы болып т а н ы л а д ы .

2. Кедендік төлемдер мен салықтарды қайтарып алу немесе есепке алу мақсатында

төлеуші артық төленген сомалар төленген күннен бастап бес жылдан кешіктірмей кедендік ресімдеуді, тауарлар мен көлік құралдарын сақтауды, кедендік ілесіп алып жүруді, лицензиялар беруді, алдын ала шешім қабылдауды жасаған кеден органына кедендік төлемдер мен салықтардың артық төленген сомаларының бар екендігі туралы растау беру туралы өтінішпен жүгінеді.

3. Артық төленген кедендік төлемдердің және салықтардың сомасын қайтару туралы өтінішпен бір мезгілде:

1) соманың төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі;

2) кедендік декларация ресімделген жағдайда берілетін, кеден органы ресімдеген, сол бойынша кедендік төлемдер және салықтар есептелген және енгізілген кедендік декларацияның көшірмесі;

3) жүзеге асыру үшін кедендік төлемдер енгізіліп, тауарларды сақтау, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ілесіп алып жүру, лицензия беру, алдын ала шешім қабылдау кезінде кеден органдары ресімдеген, кедендік төлемдерді төлеу кедендік декларацияны ресімдемей жүргізілген жағдайларда берілетін басқа да құжаттардың көшірмелері берілуі тиіс.

4. Артық төленген кедендік төлемдер мен салықтар сомасының бар екендігін растау туралы өтінішті қарау мерзімі төлеуші өтініш берген күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

5. Артық төленген кедендік төлемдер мен салықтар сомасының бар екендігін растау туралы өтінішті қарау тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

6. Артық төленген кедендік төлемдер мен салықтар осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеушінің өтініші бойынша салық органдарының қайтаруына немесе есепке алуына жатады.

7. Кеден органдары алдағы кедендік төлемдер мен салықтар төлеу шотына есепке алуды кедендік төлемнің немесе салықтың ол бойынша артық төленген сома бар түрі бойынша жүргізеді." ;

37) 348-бап 2-тармағының 2) тармақшасындағы "артық төленген сома" деген сөздер "кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы" деген сөздермен толықтырылсын;

38) 351 - бап бойынша:

тақырыптағы "сома" деген сөзден кейін "кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы" деген сөздермен толықтырылсын ;

1-тармақтағы "сома" деген сөзден кейін "кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кедендік төлемдер мен салықтардың артық төленген сомаларын кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша берешекті өтеу не депозит есебіне жатқызу кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады." ;

39) 352-баптың 1-тармағында:

"Артық төленген сома" деген сөздер "Кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша артық төленген сома" деген сөздермен ауыстырылсын;

40) 379-бап 2-тармағының 2) тармақшасында "тауарларға қатысты" деген сөздердің алдынан "тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын ;

41) 380-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына кеден ережелерін бұза отырып әкелінген тауарларға арналған жүктің кедендік декларациясы қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы соттың немесе уәкілетті органның (лауазымды адамның) шешімі заңды күшіне енген күннен бастап, не жауапкершіліктен босату немесе кеден ережелерін бұзу фактісі бойынша істі тоқтату туралы соттың, уәкілетті органның (лауазымды адамның) шешімі заңды күшіне енген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде беріледі.";

42) 383-бапта:

1) тармақшаның екінші абзацы, 3) тармақшаның үшінші абзацы, 12) тармақша, 13) тармақшаның төртінші абзацы, 16) тармақша "сәйкестілік сертификаты" деген сөздерден кейін "немесе сәйкестік туралы декларация" деген сөздермен толықтырылсын ;

тармақшаның екінші абзацындағы, 3) тармақшаның үшінші абзацындағы, 12) тармақшадағы, 13) тармақшаның төртінші абзацындағы, 16) тармақшадағы " сертификат беру" деген сөздер "оларды беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақша алынып тасталсын ;

10) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"көрмелер өткізуге арналған, кейіннен сатылмайтын тауарларды (экспонаттарды) қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оларды беру міндетті тауарларға сәйкестік сертификаты немесе сәйкестілік туралы декларация;" ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тауарға кедендік ресімдеу жүргізілетін кеден органының қызмет аймағында сертификаттау жөніндегі тіркелген органның болмауы себепті әкелінген тауарларды сертификаттау бойынша жұмыс жүргізу мүмкін болмайтын жағдайда, сыртқы экономикалық қызметке қатысушы осы баптың бірінші бөлігінің 1), 3), 10), 12), 13) және 16) тармақшаларындағы таңдалған кедендік режимдерге сәйкес өтініш-декларация ұсынады." ;

43) 385-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте қайтарып алынған жүктің кедендік декларациясы кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жойылуға жатады.";

44) 387-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жүктің уақытша кедендік декларациясында мәлімделген тауарлар легі жеткізілгеннен кейінгі күннен бастап отыз күннен кешіктірілмей декларант тауарға кедендік ресімдеу жүргізген кеден органына жүктің толық кедендік декларациясын ұ с ы н а д ы .

Бағаны айқындау шартымен тауарларды шарт бойынша өткізу кезінде, меншік құқықтарын Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге беру кезінде көрсетілген мерзім баға мен мөлшерді айқындау үшін пайдаланылатын коносамент, қабылдап алу-тапсыру актісі ресімделген күннен бастап есептеледі. Егер декларацияланатын тауарлар легіне бірнеше көліктік құжаттар жасалса, көрсетілген мерзім соңғы көліктік құжат ресімделген күннен бастап есептеледі.";

45) 390-баптың 2) тармақшасы "сертификаттар," деген сөзден кейін "сәйкестілік туралы декларация, өтініш-декларация," деген сөздермен толықтырылсын;

46) 401-баптың 2-тармағының 4-тармақшасы алынып тасталсын;

47) 448-бап 1-тармағының бірінші бөлігі "жазбаша шешімі бойынша жүргізіледі" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қажет болған жағдайда тексеріп қарау кейіннен кеден органының басшылығын жазбаша хабардар ете отырып, жиырма төрт сағаттың ішінде шұғыл түрде жүргізіледі." ;

48) 453-баптың 3-тармағындағы "бірдейлендіру белгілері" деген сөздер " бірдейлендіру құралдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 9) 4 5 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды тексеруді оның сақталуын бақылау кеден органдарына жүктелетін кеден және өзге де заңдарының сақталуын бақылау мақсатында кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кеден органдары жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды тексеру мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы - алдыңғы тексерулерге қатысы бойынша заңдарда белгіленген уақыт аралықтары ескеріле отырып жүргізілетін алдын ала жоспарланған тексеру;

2) жоспардан тыс - қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және ұлттық қауіпсіздікке төнген қатерді жедел жоюды талап ететін, шағымдарға, өтініштерге және арыздарға жедел ден қоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты; мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары берген ақпарат

арқылы, сондай-ақ мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының деректер базалары мен банкеріндегі ақпараттарды талдау нәтижелері бойынша талаптардың бұзылғандығы туралы растайтын мәліметтер алынған жағдайда; кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның тапсырмасы бойынша тағайындалатын тексеру;

3) рейдтік - кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың Қазақстан Республикасы кеден заңдарының жекелеген талаптарын сақтауы мәселелері бойынша кеден органдары жүзеге асыратын тексеру;

4) қарсы - егер тексеру жүргізу кезінде кеден органдарында үшінші тұлғаларға байланысты тексерілетін субъект берген мәліметтердің дұрыстығын қайта тексеру мақсатында қосымша ақпарат алу қажеттігі туындаған жағдайда, көрсетілген тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру;

5) құжаттамалық - тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар ұсынатын жүктің кедендік декларацияларындағы, тауарға ілеспе, бухгалтерлік және өзге де құжаттардағы мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде кеден органдары жүзеге асыратын тексеру.";

50) 465-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тексеру актісінің бір данасы қол қою арқылы немесе жөнелту және тексеру актісін алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыға беріледі.";

51) 471-баптың 3-тармағы "Ұлттық Банкінің Төрағасы," деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы, Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің бастығы," деген сөздермен толықтырылсын;

52) 522-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Еңбек сіңірген жылдарына қарай лауазымдық айлықақыға коэффициент белгілеу құқығын беретін қызмет стажына:

1) жағымсыз себептер бойынша қызметтен шығарылған адамдардан басқа, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының Қарулы Күштерінде, ішкі, шекара әскерлерінде, басқару органдарында және азаматтық қорғаныс бөлімдерінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдарының жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық Ұланында әскери қызмет өткерген;

2) жағымсыз себептер бойынша қызметтен шығарылғандардан басқа, басшы құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСР Одағының ішкі істер, қаржы полициясы органдары жүйесінде қызмет өткерген, прокуратура органдарында қызмет істеген, судья болып немесе сот аппараттарында жауапты лауазымдарда істеген, басшы құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының

бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінде қызмет атқарған;

3) Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының соттарында, прокуратура, ішкі істер, қаржы полициясы органдарында, КСРО мемлекеттік қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік және Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті органдарында еңбек сіңірген жылдары үшін үстеме ақы алуға құқық беретін лауазымдарда жұмыс істеген;

4) мемлекеттік қызметте тұрған адамдардың бала бір жарым жасқа толғанға дейін оны күтуге берілетін ішінара ақы төленетін демалысы мен бала бір жарым жасқа толғанға дейін оны күтуге берілетін жалақысы сақталмайтын қосымша демалысының, сондай-ақ басқа да ақысыз демалыс түрлерінің;

5) КСРО Мемлекеттік банкі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүйесінде жұмыс істеген;

6) егер шетелге жіберердің алдында қызметші мемлекеттік қызметте болса және көшіп келген уақытын есептемегенде, шетелден қайтып келген күннен бастап екі ай мерзім ішінде мемлекеттік қызметке кірсе, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдардың жолдамасы бойынша шетелде жұмыс істеген;

7) 1992 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақ КСР-і мен Қазақстан Республикасының партия, кәсіподақ және комсомол органдарында сайланбалы және өзге де жауапты лауазымдарда жұмыс істеген;

8) басшы лауазымдардағы, мемлекеттік ұйымдардағы мемлекеттік қызмет мамандықтарымен бірдей мамандық бойынша лауазымдардағы соңғы жұмыс орнының;

9) егер бұл қызметтер заңдарға сәйкес мемлекеттік қызметшілер лауазымдарына жатқызылса, мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлер лауазымдарында жұмыс істеген;

10) егер қызметші жіберілгенге дейін мемлекеттік қызметте болса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жолдамасы бойынша халықаралық ұйымдарда немесе басқа мемлекеттерде жұмыс істеген;

11) кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру жөніндегі курстарда жұмыстан қол үзіп оқыған, сондай-ақ егер қызметші оқуға түскенге дейін мемлекеттік қызметте болса және оны бітірген соң мемлекеттік қызметке қайтып келсе, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жолдамасы бойынша шетелде оқыған;

12) Қазақстан Республикасының Парламенті депутатының өкілеттілігін жүзеге асырған уақыт есептеледі." ;

53) 526-баптың 4-тармағының бірінші абзацы "бюджет есебінен" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы заң ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қазақстан

Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК